

## Бала тілінің дамуына ұсақ моториканың әсері

**Ұсақ моторика** – бұл қолдың ұсақ бүлшықеттері мен көздің үйлесімді қозғалысына негізделген қозғалыс әрекеті. Ғылыми түрғыдан дәлелденген: баланың қолы неғұрлым шебер жұмыс істесе, қимыл-қозғалысы алуан түрлі болса, жүйке жүйесінің қызметі де соғұрлым жетілген болады.

### Ұсақ моторика дағдылары:

- баланың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді;
- баланың айналасындағы заттарды зерттеуіне көмектесіп, қоршаған ортаны жақсырақ түсінуіне мүмкіндік береді;
- қозғалыстардың жетілуі арқылы бала өзін ойын және басқа әрекеттер арқылы еркін білдіре алады;
- бала өзінің ойлаған ісін орындаі алған сайын, оның өз-өзіне деген сенімділігі артады.

Қазіргі таңда балаларда ұсақ моториканың әлсіз дамуы – негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан саусақ моторикасын дамыту аса маңызды. Саусақ ұсақ моторикасын дамытуға арналған жүйелі жаттығулар қол қозғалыстарын көру арқылы ғана емес, сонымен қатар сезу, тактильді-қозғалыс түйсігі арқылы да басқаруға көмектеседі.

Бірдей қимылдарды бірнеше рет қайталау – қозғалыс дағдыларын автоматтандыруға және баланың қолын жазуға дайындауға негіз болады. Екі қолдың саусақтарының қозғалысын бірдей дамытуға тырысу қажет, бұл ойын кезінде де, күнделікті түрмиста да жүзеге асады. Барлық саусақтардың дамуына ықпал ететін жаттығуларды таңдауға назар аудару керек.

Баланың қолын нығайтуға, қол қимылдарының үйлесімділігін дамытуға арналған алуан түрлі жаттығулар мен ойындар бар. Бұл ойындар мен жаттығуларды біз балабақшада балалармен жұмыс барысында жиі қолданамыз.

Кейбір пайдалы жаттығулар мен ойындар туралы сіздерге толығырақ айтып өткіміз келеді.



## **“САУСАҚҚА АРНАЛҒАН МАССАЖ”**

Саусақтар мен алақанға массаж жасаған өте пайдалы, оны құн сайын орындаған жөн.

Массаждың төрт негізгі тәсілі қолданылады:

- сипалау,
- уқалау,
- ысқылау,
- ұру (женіл түртулер).

Күніне небәрі 5 минут саусақтарға арналған гимнастика мен массажға бөлсөңіз, балаға едәуір көмек көрсете аласыз.

Балаңызben жұмыс жасағанда мына ережелерді сақтаңыз:

- массаж бен қолды жылтырып алудан бастаңыз, соңын сипалаумен аяқтаңыз;
- барлық қозғалыстарды оң және сол қолмен де орындаңыз;
- қысу және босату қозғалыстарын алмастырып жасаңыз;
- жаттығулар әрбір саусақтың жеке қозғалыстарын қамтуы керек;
- жаңа жаттығуға көшпес бұрын, алдыңғысын оң және сол қолдың саусақтарымен жақсылап орындарап алыңыз;
- балаға ұнайтын және қолжетімді ойындарды таңдаңыз;
- баланың қолына массаж жасағанда өз қолыңызben көмектесіңіз, бірақ тек жағымды көніл күйде болғанда.

## **“ҚАРАНДАШПЕН ЖАТТЫҒУЛАР”**

Бұл жаттығулар үшін үшкірленбеген қарындаштарды (дөңгелек немесе қырлы) не таяқшаларды пайдаланыңыз. Жаттығуларды кезекпен немесе бір мезгілде екі қолмен орындауға болады. Топта қарындашпен жасалатын жаттығулардың картотекасы бар.

Міне, бірнеше пайдалы жаттығу үлгілері:

- Қарындашты алақандардың арасында домалату.
- Қарындаштың ұшын алақанның ортасына ысқылау.
- Қарындаштың ұштарын алақанның ортасына тіреп, қолдарды жоғарытөмен, айналдыра қозғау, қарындашты түсірмей ұстауға тырысу.
- Қарындашты екі қолдың саусақтарының ұшымен кезектесіп (алдымен сұқ саусақпен, кейін ортан саусақпен және т.б.) ауада ұстау.
- «Қарындаш жинаймыз» – бір қолмен қарындашты алып, басқа жерге қою (мысалы, орындықтан үстелге), кейін қол ауыстыру (10-15 қарындаш).
- «Пропеллер» – қарындашты саусақтардың арасында айналдыру.
- Қарындашты саусақтардың арасында ақырын ұстап, оның жайлап төмен сырғуына мүмкіндік беру.

- Қарындаштарды үстел үстінде домалату: алдымен бір қолмен, кейін екінші қолмен, кейін екі қолмен бірдей.
- «Саусақтар жүреді» – қарындашты сұқ және ортан саусақтың арасына қысып ұстап, үстел үстінде «қадамдар» жасау, қарындашты түсірмей қозғалу.

*Құрметті ата-аналар, сіздерге және балаларыңызға сәттілік тілейміз!*



## Саусақпен ойнаймыз – сөйлеуді дамытамыз

Қазіргі уақытта сөйлеу қабілеті бұзылған балалар саны артып келеді. Егер баланың дыбыстауында бұзылыстар болса, бұл болашақта оның оқу мен жазуда қыындықтарға тап болуына әкелуі мүмкін. Біздің міндетіміз – балаларға сөйлеу бұзылыстарын жеңуге көмектесу.

Ұылыми түрде дәлелденген: баланың ұсақ моторикасының жоғары деңгейде дамуы оның есте сақтау қабілетінің, зейінінің, логикалық ойлау дағдыларының және байланыстырып сөйлеу қабілетінің де жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Құрметті ата-аналар, сіздер үйде өз бетіңізше қарапайым тәжірибе жүргізе аласыздар: егер бала 4 жасында алақанына су құйып, оны бетіне жеткізе алмай, төгіп алатын болса, бұл оның қолдың ұсақ бұлшықеттерінің дамуы кешігіп жатқанын білдіреді. Егер 5 жастан кейін бала «алақан – жұдырық – қыр» жаттығуын жасауда қиналса, бұл да белгілі бір бұзылыстардың белгісі болуы мүмкін.

Егер осындағы жағдайларды байқасаңыз, уайымдамаңыз, бірақ баланы өз бетімен қоя бермеңіз. «Уақыт өте өзі түзеледі» деген пікір – қате. Балаға сіздің көмегіңіз қажет. Онымен бірге ұсақ моториканы дамытуға арналған жаттығулар мен ойындар ойнаңыз, саусақ ойындарын қолданыңыз.

Бала қолының әлсіздігін жаттығулар арқылы дамытуға болады және керек. Егер жаттығуларды орындау қыындық тудырса, сіз – ата-ана ретінде – баланың басқа саусақтарының еріксіз қозғалысын бақылап, оған көмектесіңіз.

Сіздердің назарларыңызға балалардың ерекше қызығушылығын тудыратын кейбір саусақ ойындарын ұсынамын:

### «ОТБАСЫ»

Бір үйде біз нешеуміз?

(Жұдырықты көрсету)

Кел, санайық екеуміз.

Бас бармақ - әке,

(Бас бармағынды қайыр)

Балан үйрек – шеше,

(Сүқ саусағынды қайыр)

Ортан терек - аға,

(Ортаңғы саусағынды қайыр)

Шылдыр шүмек – мен,

(Аты жоқ саусағынды қайыр)

Кішкентай бәбек сен!

(Шынашағынды қайыр)

Бір үйде біз нешеуміз?

(Алақанынды көрсет)

## «САН»

Он қолымда бес саусақ  
Бір, екі, үш, төрт, бес  
Сол қолымда бес саусақ  
Бір, екі, үш, төрт, бес  
Бесте беске қасқанда  
Болып қалды он саусақ.

(Оң қолыңды көрсет)  
(Оң қолдың саусақтарын біртіндеп бұгу)  
(Сол қолыңды көрсет)  
(Сол қолдың саусақтарын біртіндеп бұгу)  
(Екі қолыңды көрсет)

## «ТАҢ»

Қолжуғыштың қасына  
Келе қалды балақан.  
қозға)  
Ысқылады асыға  
Алақанды алақан  
Ысқылады асыға  
Оң қолымен сол қолын  
Ысқылады асыға  
Сол қолымен оң қолын.

(Қолдың саусақтарын жайып, оларды  
(Алақаныңды алақаныңа үйке)  
(Оң қолыңмен сол алақаныңды үйке)  
(Сол қолыңмен оң алақаныңды үйке)

## «ӘЖЕМНІҢ ЕКІ ҚАЗЫ БАР»

Әжемнің екі қазы бар.  
Мойындары иілген, иілген  
Оны қалай жазамыз?  
Жем береміз, су береміз,  
Енді мойны жазылар, жазылар.  
саусақтар тұзу)  
Әжемнің екі қазы бар.

(Балалар екі саусақтарын көрсетеді)  
(Саусақтарын бүгеді және жазады)  
(Қолдарын екі жаққа жаяды)  
(Дән шашқанды, су құйғанды бейнелейді)  
(Қолдар шынтақтан бүгілуі керек,  
(Екі саусақтарын көрсетеді)

## «КӨБЕЛЕК»

Ақ қанатты көбелек.  
Көк қанатты көбелек,  
алақандарын  
ашады және жұмады)  
Қызыл қанат көбелек  
Бақшамызға келе кет.

(Көбелектің қанат қағысын бейнелеп,  
(Қол шапалақтау)

## «САНАМАҚ»

Ал санайық, санайық.  
Санып біліп алайық.

(Балалар оң алақандарын көрсетеді)

Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу,

(Оң қолдың және сол қолдың  
саусақтарын біртіндеп бүгіп шығады)

Қоянның көжегі нешеу? (Бесеу)

(Алақандарын ашады)

Егер саусақтармен ойнау кезінде өлеңдер қолданатын болсақ, балалардың ойынды қызығушылықпен қабылдайтынын байқадыңыздар. Олар көбірек сөйлеуге үмтүлады. Саусақтарды жаттықтыру үшін жаттығуларды өлеңсіз де орындауға болады. Балаға тапсырманы қалай орындау керектігі түсіндіріледі. Ата-аналар өздері көрсетіп береді — мысалы, «Саусақтар аманасады» ойыны: оң қолдың бас бармағы біртіндеп сұқ саусақтың, ортанғы, аты жоқ және шынашақтың ұшына тиіп өтеді.

Осындай түрлі жаттығуларды орындау барысында баланың қолының ұсақ моторикасы жақсы дамиды. Бұл тек жалпы дамуына оң әсер етіп қана қоймай, сурет салуға және жазуға дайындаиды. Қолдың буындары икемді, қозғалысы еркін болады, бұл жазу дағдыларын меңгеруді женілдетеді. Балалармен бірге ойнаңыздар, сөйлесіңіздер — олар мұны міндетті түрде бағалайды...



## Құммен ойнаудың пайдасы

Құммен ойындар балалардың жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Құммен ойнап, әртүрлі фигуralар жасап, балалар өздерінің ішкі сезімдері мен уайымдарын білдіре алады.

**Құм** — бұл баланың қиялын іске асыруға көмектесетін әмбебап құрылыш материалы: ол арқылы қамал жасап, ерекше пішіндерді бейнелеуге болады.

**Құм терапиясы** — баланың эмоционалдық жағдайына оң әсер ететін ішкі құйзелісті төмендетудің бір тәсілі.

Құммен жұмыс жасау баланың жасырын қабілеттерін ашуға, шығармашылық қабілеттерін, бейнелі ойлауын, қолдың ұсақ моторикасын және сөйлеудің әртүрлі компоненттерін дамытуға көмектеседі.

Төменде құммен ойналатын бірқатар дамытушы ойындарды ұсынамын:

### 1. Фонематикалық есту қабілетін дамытуға арналған:

- Құмның ішіне көмілген ойыншықтардың ішінен белгілі бір дыбыс кездесетіндерін табу.
- Егер сөзде берілген дыбыс болса, құмға жалауша немесе фишка орнату.
- Сөздің бірінші (немесе соңғы) дыбысын анықтап, құм бетіне сәйкес әріпті саусақпен немесе таяқшамен жазу.
- Әріптерді алақанның қырымен құмнан жасап көруге болады.

### 2. Грамматикалық құрылымды жетілдіруге арналған:

- «Не жетіспейді?»

Құм бетіне 4-5 ойыншықты қойып, баладан көзін жұмуды сұраймыз. Бір ойыншықты көмеміз. Көзін ашқанда бала қай ойыншықтың жоқ екенін айтып беруі керек.

Бір сөз ішіндегі шылауларды дұрыс қолдануға арналған ойын:

Үлкен адам құм бетіне ұсақ ойыншықтарды орналастырады (мысалы, машиналар). Бала бір ойыншықтың басқа ойыншықтарға қатысты орнын айтуды керек. Мысалы: «Қызыл машина сары мен ақ машинаның ортасында, жасыл — қызылдың алдында» және т.б.

- «Белгісін тап» ойыны:

Құм ішінен жасырылған ойыншықтарды тауып, олардың белгілерін айтуды (мысалы: доп – көк, күшік – кішкентай).

### 3. Буындық құрылымды қалыптастыруға арналған:

- «Сызықшалар» ойыны:

Баладан үлкен адам айтқан сөздегі буын санына қарай құмға сзызықтар

сызуын сұрау.

- **«Тастар» ойыны:**

Сөздегі буын санына қарай түрлі-түсті тастарды құмға қою.

#### **4. Байланысты сөйлеуді дамытуға арналған:**

- «Қазына іздейміз» ойыны:

- Үлкен адам ойыншықты құмға көміп, оны сипаттайды. Бала оны табуы керек. Кейін рөлдермен алмасуға болады: бала сипаттап, ата-ана табады.

#### **5. Ұсақ моториканы дамытуға арналған:**

Құммен ойналатын кез келген ойын баланың саусақ қозғалысын, сезінуін дамытады.

Құм бетінде саусақпен, жұдырықпен, алақанның қырымен өрнектер жасауға болады.

Тастардан, түймелерден, бүршақтардан немесе басқа да ұсақ заттардан сурет жасауға болады.

Осы кеңес арқылы құммен жүргізілетін дамытушы ойындардың бірнеше мысалы келтірілді. Сенімдімін, ата-аналар өз қиялдарын пайдаланып, балаларымен тағы да көптеген қызықты ойындар ойлап таба алады. Құммен ойнау өте қызықты әрі шығармашылықты дамытады. Сол себепті балалар құммен сағаттап ойнауы мүмкін.

